

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қолдануды қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 24 қараша 1992 ж. N 981. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.08.03. N 810 қаулысымен

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қолдану жөніндегі Нұсқау бекітілсін (қоса беріліп отыр)

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауының эталоны көгілдір түсті, көлемі 1м X 2м матадан жасалады және Қазақстан Республикасы Президентінің Резиденциясында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасымен бірге құтыда сақталады.

Мемлекеттік жалау эталонын дайындауға тапсырысты Қазақстан Республикасы Президентінің Аппараты мен Министрлер Кабинетінің Іс басқармасы жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1992 жылғы 24 қарашадағы

N 981 қаулысымен

Бекітілген

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы туралы" Қазақстан Республикасының Заңын қолдану жөніндегі Нұсқау

1. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының "а" тармағында аталып өткен үйлерде Қазақстан Республикасының жалауы тұрақты тігіледі немесе орналастырылады.

2. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы туралы" Заңында баяндалған талаптарды сақтай отырып Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауын кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдардың үйлеріне тігу үшін жауапкершілік осы кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың басшыларына , ал тұрғын үйлерде - тұрғын үй пайдалану ұйымдарының басшылары мен үй иелеріне (өзіндік меншік хұқы бар) жүктеледі.

3. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы туралы" Заңының 4-бабының "д" тармағында аталған кемелерде Қазақстан Республикасының жалауы кеменің соңына таманғы ернеудегі жалау ретінде сол ернеудегі жалаусапқа т і г і л е д і .

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы туралы" Заңның 4-бабының "г" тармағында көзделген реттерде Қазақстан Республикасының жалауы теңіз кемелері мен ішкі жүзу кемелерінің соңына таманғы ернеудегі жалауға қоса кеме тұмсығына немесе белгі беру мачтасына тігіледі және о р н а т ы л а д ы .

4. Ішкі жүзу кемелері теңіз суларында жүзіп жүргенде (кеме жүзіп бара жатқан және тоқтап тұрған уақытта) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы күн сайын таңертеңгі сағат 8-де тігіліп, күн батқан соң түсіріледі.

5. Қазақстан Республикасының ішкі су жолдарында өздігінен жүретін кемелерде (кеме жүріп бара жатқан және тоқтап тұрған уақытта) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы навигация кезеңінде күн сайын, сондай-ақ 1 және 2 қаңтарда, 8 наурызда, 22 наурызда, 1 мамырда, 9 мамырда, 16 желтоқсанда кеменің соңына таманғы ернеудегі жалаусапқа күн шығысымен тігіледі, күн батқан соң түсіріледі.

Басқа кемелерді сүйретпе троспен жетелейтін сүйреткіш кемелерде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы кеме тұмсығындағы жалаусапқа немесе г а ф е л г е т і г і л е д і .

Өздігінен жүрмейтін кемелерде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы 1 және 2 қаңтарда, 8 наурызда, 22 наурызда, 1 мамырда, 9 мамырда, 16 желтоқсанда т і г і л е д і .

6. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери құрамалары мен бөлімдерінде және Ұлттық ұланында ант қабылдау ресімі кезінде көтеріледі.

7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы Заңның 4-бабының "в" тармағында аталған жағдайларда, егер бұл халықаралық хұқық нормаларында және мемлекетаралық келісімдерде көзделген болса, тігіледі.

8. Кәсіпорындар, мекемелер мен ұйымдар үйлерінде, сондай-ақ тұрғын үйлерде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы 1 және 2 қаңтарда, 8 наурызда, 22 наурызда, 1 мамырда, 9 мамырда, 16 желтоқсанда тігіледі.

9. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы туралы" Заңның және

осы Нұсқаудың Қазақстан Республикасының шеңберінде дәлме-дәл орындалуын бақылау мемлекеттік өкімет пен басқарудың жергілікті органдарына жүктеледі.

"Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалауы туралы" Заңның және осы Нұсқаудың теңіз кемелерінде және ішкі жүзу кемелерінде дәлме-дәл орындалуын бақылау осы кемелер солардың қарауындағы Қазақстан Республикасының министрліктеріне, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарына, порттарда - порттардың (кемежайлардың) бастықтарына, өкілдіктерде және консулдық мекемелерде орындалуын бақылау - Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктеледі.